

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP23488243 Қазақстандағы және әлемдегі білім берудегі психодиагностиканың дамуы: мәдениетаралық талдау және валидация алгоритмін құру
Өзектілігі	Қазақстанда психодиагностикалық әдістеменің жаппай қолданылуына қарамастан шетелдік әдістемелердің қазақстандық тәжірибеге бейімделу мәселесінің бар екендігі байқалады. Кеңестік уақытта орыс тіліндегі (Мәскеу, Санкт-Петербург ғалымдарының бейімдеуіндегі) әдістемелері пайдаланылған. Сонымен қатар Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде орыс тіліне бейімделген әдістемелер қолданылған; алайда, қазір қазақ тілін меңгерген жаңа ұрпақ оқушылары өсіп келеді. Сондықтан Қазақстандық тәжірибеде өзіне меншікті білім беру жүйесіндегі психодиагностикалық әдістемелерді жасау, оларды нормаға келтіру, әдістемелердің бейімділік сәйкестілік өлшемін жинақтау қажеттігі туындайды. Зерттеу стратегиясы қазақстандық психодиагностика ғылымының даму деңгейін анықтау үшін білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың әлемдегі дамуын кросс-мәдени талдау, жинақтау, қазақстандық тәжірибемен салыстыру; әлемдік тәжірибені Қазақстандық тәжірибеге бейімдеу әдістемесін тандау; өзінің меншіктік алгоритмін жасау; психодиагностикалық әдістемелердің бейімделу алгоритмін және сәйкестілік өлшемдерін жинақтау және сауалнама жүргізуді қамтиды. Зерттеу жүргізу үшін қолданылатын әдістер: білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың даму тарихын кросс-мәдени талдау, психодиагностиканың ел үшін даму картасын дайындау, оларды салыстыру, SWOT-талдау; психодиагностикалық зерттеу әдістері, сарапшылар және студенттер/оқушыларға сауалнама жүргізу, SPSS,яғни KFCPI статистикалық өңдеу әдістері және т.б.
Мақсаты	әлемнің және Қазақстанның білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың дамуын кросс-мәдени талдау, тарихи даму кезеңдерін жасау, Қазақстандағы жаңа әдістемелерді эмпирикалық байқаудан өткізу және валидтеу алгоритімін жинақтау.
Міндеттері	- дүние жүзіндегі білім беру психодиагностикасының даму тарихын кросс-мәдени талдау, Азия аймағы мен әлемнің басқа аймақтары мысалында даму таспаларын картаға түсіру; - психодиагностикалық әдістерге адамдардың қажеттіліктері туралы психологтар мен педагогтар арасында сараптамалық сауалнама жүргізу; - Қазақстандық білім беру тәжірибесінде, мысалы, Жапониядан, Қытайдан, Грециядан, Германиядан алу және бейімдеу үшін психодиагностикалық әдістерді анықтау; - тандалған әдістемелерді қазақ және орыс тілдеріне аудару, 1000-нан астам студентті іріктеу бойынша статистикалық әдістерді қолдану арқылы әдістерді тестілеу және оларды валидациялау; - диагностикалық әдістерді қазақ және орыс тілдеріне аудару, бейімдеу және валидациялау алгоритмін жасау; - сарапшы психологтардың, педагог-психологтардың сауалнамасы және қазақстандық психодиагностикалық әдістерді әзірлеу алгоритмін құру мүмкіндігі; - әдістемелік ұсыныстар әзірлеу және психологтарға, психологиялық-педагогикалық мамандықтардың студенттеріне

	диагностикалық әдістерді валидациялауды бейімдеу алгоритмдеріне оқыту.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Күтілетін нәтижелер 1. Әлемдік білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың даму тарихының салыстырмалы, кросс-мәдени талдауы жасалады және көпталдық тұғыр негізінде әртүрлі топтағы елдер, соның ішінде Қазақстандағы дамуының кезеңдік тізбегі ұсынылады. 2. Лайкерт шкаласы бойынша адамдардың қажеттілігіне қарай дайындалған психодиагностикалық сауалнамалардағы психологтар мен педагогтердің сараптамалық сұрауларының нәтижесі және сараптамалық бағалау алынады. 3. Монографияда әлемдік және Қазақстандағы психодиагностиканың дамуы бойынша бірінші жылдағы зерттеу тізбегі жинақталып, карталанады жарияланады. 4. Әлем елдерінде талап етілетін заманауи психодиагностикалық әдістемелердің тізімі айқындалады және Қазақстанда талап етілуі мүмкін және қолдануға бейімделген әдістемелер анықталады. 5. Әдістемелер қазақ және орыс тілдеріне аударылады, 1000 адам шамасында жүргізілген сауалнама сұрыпталып, әдістеменің сәйкестілігі және корреляциялық талдау жасалады. 6. Тәжірибені жинақтау, диагностикалық әдістемелердің бейімділігі мен сәйкестілік өлшемдері бойынша қазақ және орыс тілдеріне аударма жасаудың алгоритмі құрастырылады. 7. Қазақстандық психодиагностикалық әдістемелерді жинақтау және дайындау үшін фокус-топтық зерттеулер немесе психолог сарапшылармен интервью жүргізіледі. 8. Қазақстандағы психодиагностикалық әдістемелердің бейімділігі мен сәйкестілігін жасау үшін студенттерді немесе психологтарды оқыту жүргізіледі және әдістемелік ұсыныстар мен бағдарлама дайындалады. 9. ҒЗЖ бойынша есеп; Әлеуметтік ғылымдардың дәйексөздер индексында, өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйексөздер индексында және (немесе) Web of Science дерекқорында индекстелген және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore пайыздық көрсеткіші бар рецензияланған ғылыми жарияланымдағы 2 (екі) мақала немесе шолу ғылыми жарияланымда кемінде 35 (отыз бес) болуы журналдарында мақала жарияланады. ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланған отандық басылымдарда 4 мақаланы немесе шолуды жариялау; Оқыту үдерісіне енгізу актісі дайындалады, Күтілетін нәтижелер зерттеу логикасының тарихи зерттеу мен карта құрастырудан жаңа әдістемеге, психодиагностикалық сауалнама, әдістемелердің бейімділік пен сәйкестілік өлшемдеріне өтуі, сәйкестілік тәжірибесін жинақтау, психодиагностикалық әдістерді жасауға қарай жүргізілгендігін байқатады. Қолданылу саласы – білім беру, кәсіби дайындық, мамандардың біліктілігін көтеру. Алынған нәтижелерді психологтардың, кураторлар мен сынып жетекшілерінің студент тұлғасын оқып үйренуіндегі жоғары оқу орындарындағы немесе мектептегі психологиялық қызметінде қолдануға болады. Отандық және шетелдік ұсынылған: ҒЖБССҚК, соның ішінде әл-Фараби атындағы Хабаршы және басқа журналдарда - 4; 2-жарияланым импакт-факторы бар Скопус және т.б ғылыми журналдарда жариялану жоспарланады.

	Психодиагностикалық әдістемелерді бейімдеу және сәйкестендіру бойынша нәтижелер түрінде диагностикалар жинағын, 1-2 монографияны «Қазақ университеті» баспа үйінен шығару жоспарланады. Қол жеткізілген нәтижелер Әлемдік білім беру жүйесіндегі психодиагностиканың даму тарихына салыстырмалы, кросс-мәдени талдау жүргізілді. Көпталдықты өріс тұғыры негізінде елдердің топтасуы бойынша, соның ішінде Қазақстанның даму кезеңдерінің тізбегі ұсынылды. Тарихи үрдістер мен бірыңғай айырмашылықтар көрсетілді. Психодиагностика мен психологияда еуроамерикандық тұғырдан ориентализмге өту болды. Психологтар мен педагогтерді адамдардың психодиагностикалық әдістемелерге қажеттілігін танытатын сараптамалық сауалдаудан Лайкерт шкаласы бойынша сараптамалық бағалау алынды (30 оқытушысы қатысты). Монографияның жобасында бірінші жыл бойынша Қазақстандағы және әлемдегі білім беру психодиагностикасының дамуының тізбегі жинақталып карталанды («Әлемдегі және Қазақстандағы психодиагностиканың даму тарихын кросс-мәдени талдау» атты 4 тарау, 14 параграфтан тұратын монографияның жобасы дайындалды. (Алматы: Қазақ университеті, 2024. ~181б), Еуропалық және АҚШ елдері мен аймақтары(1), азиялық аймақтағы елдер (2), Африкадағы(3), сонымен қатар ТМД елдеріндегі психодиагностиканың даму тарихы(4) қарастырылды. Елдер (Қазақстан, Қытай, Жапония, АҚШ, Германия және т.б.) бойынша әлемдік білім берудің психодиагностикалық даму тізбегі құрастырылды). Әлем елдерінде білім беруде сұранысқа ие заманауи психодиагностикалық әдістердің тізімі анықталды және Қазақстанда сұранысқа ие болуы мүмкін және қолдануға бейімделген әдістер анықталды. Әдістемелер қазақ және орыс тілдеріне аударылып, тестілеу жұмыстары жүргізілді 1 мақала Scopus DB (60 пайыздық көрсеткіш, Q2 квинтиль), 1 мақала Комитет ұсынған журналда жарияланған.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Мыңбаева Айгерим Казыевна, пед.ғ.д., профессор (H-Index in Scopus - 3 (57103825700), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57103825700), Web of Sciences - https://www.webofscience.com/wos/author/record/597152, РИНЦ - 10, https://orcid.org/0000-0001-9613-6030) https://www.researchgate.net/profile/Aigerim-Mynbayeva Мадалиева Забира Бекешовна, психология ғылымдарының докторы, профессор (H-Index in Scopus – 3 (57189508588), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189508588, Web of Sciences - 2 (https://www.webofscience.com/wos/author/record/24990875), РИНЦ – 3, https://orcid.org/0000-0003-4890-9240) https://www.researchgate.net/profile/Zabira-Madaliyeva Аринова Бакыт Айтуовна, педагогика ғылымдарының кандидаты (H-Index in Scopus - 2 (57191837300), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191837300) https://orcid.org-0002) Молдасан Қуаныш Шорманқызы, п.ғ.к., доцент (H-Index in Scopus – 2 (57191837811), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191837811, https://orcid.org/0000-0001-9777-0228)

	Оспанова Шолпан Талиповна, , магистр (https://orcid.org/0000-0001-8104-2015 Scopus 1-де Хирш индексі (59117526200), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26210) Әсілбек Нұртан Әділханұлы, магистр (Hirsch Index in Scopus – 1 (57392407500), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57392407500, https://orcid.org/0000-0001-73) https://www.researchgate.net/profile/Nurtang-Assilbek Чжоу Ми – PhD, (Scopus H-index 1 (58891199600), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58891199600, https://orcid.org/0000-0002-5663-287) https://www.researchgate.net/profile/Czou-Mi Ахтаева Надия Сейілханқызы – психология ғылымдарының докторы, профессор (Scopus H-index – 1 (58943227400), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58943227400, https://orcid.org/0000-0002-5265-532X) Мамаева Слушаш – экономист Бердибаева Света Қыдырбекқызы – психология ғылымдарының докторы, профессор (H-index in Scopus – 6 (56610225700), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56610225700, https://orcid.org/00136-01) Шевелева Дарья – әлеуметтік ғылымдар магистрі (психология) https://orcid.org/0009-0009-8901-6239
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	Мунбайева, А. К., Zhou, Mi, G., Minazheva, G., Seitnur, Zh. Specifics of population psychodiagnostics on the example of Kazakhstan, China, and Japan: a comparative analysis // International Journal of Evaluation and Research in Education, 2025. 14(1). P.240-249. February 2025. http://doi.org/10.11591/ijere.v14i1.30363 https://ijere.iaescor.com/index.php/IJERE/article/view/30363 https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85210553861&origin=recordpage Сейдулла Г., Мынбаева, А., Стасюк, А. Білім берудегі психологтың профилактикалық құзыреттілігі: диагностика мен арт-әдістердің байланысы. <i>ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия</i>. 2015. 82(1), 55–66. https://doi.org/10.26577/JES20258215 Мынбаева А.К., Кабакова М.П. Психологическое образование в Казахстане: современные вызовы и решения // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы және профессор Қ.Б. Жарықбаев еске алуға арналған, Психология ғылымы және білім беру: тарихтан- болашаққа II Жарықбаев оқулары атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 52-58 бб.
Патенттер туралы ақпарат	жоқ